# 2 Жасанған жағалау, жаңғырған даңғыл



# 4 Сыр көктемі. Алмагүл арманы



www.facebook.com/syrboyi.kz
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

# Сыр бойы

№83 (20959) 3 маусым, сейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

ПРЕЗИДЕНТ



## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ «БАЙҚОҢЫР» ҒАРЫШ АЙЛАҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 70 ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ ВИДЕО ҮНДЕУ ЖОЛДАДЫ

Құрметті достар!

Қадірлі ғарыш саласының қызметкерлері мен ардагерлері!

Баршаңызды «Байқоңыр» ғарыш айлағының құрылғанына 70 жыл толуымен құттықтаймын!

1957 жылы дәл осы арадан жасанды Жер серігі ұшырылып, ғарышты игеру дәуірі басталды. Көп ұзамай, 1961 жылы айлақтан тұңғыш ғарышкер Юрий Гагарин көк жүзіне аттанды. Бұл тарихи оқиға жаһан жұртшылығын біріктіріп, адамзаттың ғылым мен өркениет прогресіне деген сенімін нығайтты. Содан бері Байқоңырдан мыңдаған Жер серігі ұшырылып, ондаған миссия орындалды. Мұнда көрнекті ғалымдар, конструкторлар мен инженерлер жұмыс істеді. Ұлы жетістіктердің бастауында тұрған барлық маманға шексіз ризашылығымды білдіремін!

Біз әлемдегі ең ірі ғарыш айлағының қазақ жерінде орналасқанын ерекше мақтан тұтамыз. Халқымыздың қаһарман ұлдары Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев және Айдын Айымбетов осы арадан космосқа аттанды.

Еліміз халықаралық ғарышты игеру ісінің белсенді мүшесі саналады. «Байқоңыр» айлағы – Қазақстан мен Ресейдің достыққа, тату көршілікке және өзара түсіністікке негізделген ұзақмерзімді стратегиялық серіктестігінің жарқын көрінісі.

Соңғы онжылдықтарда Қазақстан ұлттық экономиканың дамуына ықпал ететін бірқатар ауқымды ғарыш жобаларын іске асырды. Еліміз Байқоңырды халықаралық ынтымақтастықтың, ғылым мен білімнің және туризмнің орталығына айналдыруға ұмтылады. Ғарыш қызметінің жаңа нарықтарына шығу, жас инженерлердің, конструкторлар мен ғалымдардың әлеуетін арттыру жарқын болашаққа жол ашады.

Осы орайлы сәтті пайдаланып, Байқоңыр қаласының тұрғындарына айрықша алғыс айтқым келеді. Сіздер табанды еңбек етіп, ғарышты зерттеу ісінің ізашарларынан қалған мол мұраны мұқият сақтап келесіздер. Бұл – зор құрметке лайық. Ғарыш саласы бүкіл адамзатты әрдайым ортақ мақсатқа жұмылдырып, жаңашылдық пен ғылыми-техникалық прогреске бастайды. Байқоңыр алдағы уақытта да ұлы жаңалықтар мен озық инновациялардың қайнар көзі бола береді деп сенемін!

Баршаңызға амандық және табыс тілеймін!

БАЙҚОҢЫР – 70

## ОРТАҚ МАҚСАТ ЖАҢАШЫЛДЫҚҚА БАСТАЙДЫ

**Кеше ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Роман Скляр «Байқоңыр» ғарыш айлағы мен қаласының 70 жылдық мерекесіне орай Байқоңырға жұмыс сапарымен келіп, «Роскосмос» МК бас директоры Дмитрий Бакановпен кездесті.**

Басқосуға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, облыс әкімінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі Қайрат Нұртай, Байқоңыр қаласы әкімшілігінің басшысы Константин Бусыгин, Ресей Федерациясының Қазақстан Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі Алексей Бородавкин, Ресейден келген делегация, жауапты сала басшылары қатысты.

Кездесуде «Бәйтерек» жобасын жүзеге асыру барысы, алдағы жоспар талқыланды.

Роман Скляр «Роскосмос» МК бас директорының халықаралық ынтымақтастық жөніндегі орынбасары Сергей Савельевті II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттаса, Дмитрий Баканов ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мадиевке «Космос без границ» медалін табыстады.

Басқосудан кейін қонақтар «Бәйтерек» ғарыш зымыран кешенінің құрылыс жұмыстарымен арнайы барып танысты.

Айта кетейік, Қызылорда облысының әкімдігі Байқоңыр қаласының объектілерін тиімді пайдалану үшін нысандарды жалдан шығару бағытында тұрақты жұмыс жүргізуде. Тұрғын үй мәселесін шешу үшін «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында 50 пәтерлік бес тұрғын үйдің құрылысын аяқтады. Жаңа 7 «А» шағын ауданы құрылды. Қазіргі уақытта тағы бес тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде.

Қаланың сумен жабдықтау және су бұру желілері жалдан шығарылып, облыстық коммуналдық меншікке беріліп, 11,4 шақырым кәріз желілері жөнделді.

Мұнда қазақстандық 5 мектеп, 5 балабақша, Байқоңыр қаласының әкімшілігіне қарасты 7 мектеп, 10 балабақша бар.

Кеше сондай-ақ Байқоңырда мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.

Шара Байқоңыр кешеніндегі 14 ұйым мен мекеме ұжымдарының шеруімен басталды. Одан кейін екі елдің Мемлекеттік Гимндері орындалып, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ресей Президенті Владимир Путиннің бейнеқұттықтаулары көрсетілді.

ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Р.Скляр Байқоңыр – ғарышқа жол ашқан мекен, мерейтой Қазақстан мен Ресей арасындағы достық пен ынтымақтастықтың, ғылым мен техниканың жетістіктерінің жарқын көрінісі екенін айтты.

Мерекелік шарада қала әкімшілігінің басшысы Константин Бусыгин жиналған жұртшылықты құттықтады. Сондай-ақ Халықаралық ғарыш станциясының 73-экспедиция мүшелері – ғарышкерлердің арнайы бейнеқұттықтауы ұсынылды.

Мерекеде қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық салалардағы ерен еңбегі үшін Бауыржан Момышұлы атындағы II дәрежелі «Айбын» орденімен ҚР ІІМ-нің Байқоңыр қаласындағы өкілдігі бастығының орынбасары Ермек Искаков, II дәрежелі «Достық» орденімен Байқоңыр қаласы әкімшілігі басшысының орынбасары Николай Адасев, «Құрмет» орденімен дәрігер Қарасай Нұров, әкімшілік қызметкері Скендір Жарекесов, Мәдениет сарайының көркемдік жетекшісі Ғалия Жалғасбаева, «Ерен еңбегі үшін» медалімен облыс әкімі аппаратының бөлім басшысы Жан Шайхысламов, «Байқоңыр-энерго» кәсіпорны бас инженерінің орынбасары Ғалымжан Жұмабаев, «Шапағат» медалімен Аналар кеңесінің төрайымы Кенішкүл Есщанова марапатталды. Сондай-ақ бірнеше адам «Байқоңыр қаласының құрметті азаматы» атағына ие болды.

Кеш отандық эстрада жұлдыздарының қатысуымен өткен концертпен жалғасып, отшашумен аяқталды.

**«СБ» ақпарат**




# ҚЫЗЫЛОРДА:
## ЖАРҚЫРАЙ ТҮСКЕН СЕРПІЛІС СӘУЛЕСІ

Жаздың алғашқы күні қызылордалықтар үшін ұмытылмас сән-салтанатпен басталды. Қалада төрт бірдей халықтық, әлеуметтік ерекше маңызға ие нысандардың ашылу рәсімі өтті. Бұл игі іс Қызылорданың алғашқы астана болуы мен қазақ атауы қайтарылған киелі ордадағы 100 жылдық мерейтойға айрықша тартудың айқын айғағын көрсетті.

Қызылорда – Президент пен Үкіметтің ерекше қолдауына ие аймақ. Облыс басшылығының ұтымды ұйымдастыруымен өңірде үлкен өзгеріс жүріп жатыр. Әсіресе, орталықтың озық көші өзгелерді де қызықтырып келетіні жасырын емес. Бәрі де – елдің игілігі, ұрпақ болашағы мен жасампаздыққа салынып жатқан құндылық.

Сонымен, халықаралық балаларды қорғау күні толық жаңарудан өткен қалалық мәдени-демалыс паркі ашылды. Салтанаты артқан сол жағалаудан физика-математика мектеп-интернаты, музыкалық колледждің жаңа ғимараты, облыстық тарихи-өлкетану музейі игілікке табысталды. Осы іс-шараларға ҚР Премьер-министрінің орынбасары Ермек Көшербаев, Парламент Сенатының депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мәжіліс депутаттары Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев, академик, мемлекеттік сыйлықтың иегері, физика-математика ғылымдарының докторы, Қазақстанның Еңбек Ері Асқар Жұмаділдаев арнайы қатысып, тілектестіктерін білдірді. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ғимараттардың ашылу рәсімдерінде сөз сөйледі.

Бұл туралы толығырақ 2, 3 беттерде жарияланып отыр.











Валюта бағамы $ 509,26 kzt € 574,75 kzt ₽ 6,46 kzt | Ауа райы: Сенбі +33⁰ +20⁰ Жексенбі +35⁰ +20⁰

САПАР

# ЖАСАНҒАН ЖАҒАЛАУ, ЖАҢҒЫРҒАН ДАҢҒЫЛ



ҚР Премьер-министрінің орынбасары Ермек Көшербаев Қызылорда облысына жұмыс сапары кезінде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевпен бірге «Тәуелсіздікке – 25 жыл» даңғылын қайта жаңғырту жұмыстарымен танысты.



Өткен жылдан бері Бейбарыс сұлтан көшесінен Әбілқайыр хан көшесіне дейінгі аралықтағы 6,7 шақырымдық даңғыл бойында қызу жұмыс басталған болатын. Сырдария өзенінің қорғаныш бөгетін нығайту да қатар жүргізілуде. Жобаның жалпы құны 6 млрд 656 млн теңге, қажетті қаржы толық бөлініп, қазіргі таңда оның 4 млрд теңгесі игерілді. Құрылыс жұмыстарын «УАД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі атқаруда.

Қайта жаңғырту жұмыстары аясында ондағы жол қайта жаңартылып, асфальт төселді. Сырдария өзені бойындағы 1,4 шақырым қорғаныс бөгеті толықтай тазартылып, 1,4 шақырым тіреу қабырғасы тұрғызылды. Бұған қоса, бұрынғы екі жолақ жол төрт жолақты болып кеңейтіліп, ені 14 метрге дейін ұлғайтылды.

Жол бойында 8 балалар ойын алаңы мен спорттық құрал-жабдықтар орнатылып, тұрғындардың бос уақытын тиімді өткізуіне жағдай жасалды. Жағалау аймағы абаттандырылып, серуендеуге қолайлы инфрақұрылым орнатылды. Даңғыл тек инженерлік тұрғыдан ғана емес, эстетикалық жағынан да жаңарды. Жол жиегі түрлітүсті бояулармен көмкеріліп, көз тартарлық суреттермен безендірілген.

Даңғылдың жалғасы ретінде Әбілқайыр хан көшесінен Саламатов көшесіне дейін 2,9 шақырым жаңа жол салу көзделген. Бұл бағытта да өзен бойындағы қорғаныс бөгеті күшейтіледі. Жобаға 5,3 млрд теңге бөлініп, құрылыс жұмыстарын «УАД» ЖШС қолға алған. Мұнда да төрт жолақты автожолмен қатар, ені 3 метрлік жаяу жүргіншілер жолы салынады.

**Облыс әкімінің баспасөз қызметі**

# ҚАЙТА ТҮЛЕГЕН ҚАЛАЛЫҚ ПАРК

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні. Қалалық мәдени-демалыс паркі. Таңертеден осында жиналған тұрғындардың көңілі сергек. Әсіресе балалардың қуанышы ерекше. Талай жылдан кейін түбегейлі жаңғырып, заманға сай жасанған парктің келбеті қазір мүлде өзгерген.



Ашылу рәсімінде алдымен Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Ермек Көшербаев сөз сөйледі. Балаларға тілектестігін білдіріп, Қызылорда облысының өңірлер арасында үлкен жетістікке ие екенін атап айтты. Мұнан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жиналған қауымды Балалар күнімен және мәдени-демалыс паркінің қайта жаңғыртудан кейінгі ашылуымен құттықтады.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Ұл-қыздарымыздың парасатты, жан-жақты болып өсуіне жағдай жасау, жас азаматтарымыздың құқығын қорғап, денсаулығын сақтау – мемлекетіміздің басты міндеті» деген болатын. Бүгін – аймағымыз үшін айтулы күн. Мерекеге орай қайта жаңғыртудан өткен қалалық мәдени-демалыс паркі, физика-математика мектеп-интернаты, музыкалық колледждің жаңа ғимараты, облыстық тарихи-өлкетану музейі ашылуда. Бұл – ұлтымыздың «Қазақ» атауының қайтарылғанының, Қызылорданың Қазақ елінің астанасы болғанының 100 жылдық мерейтойына үлкен тарту.

Жаңа, әсем, заманауи парктің құрылысын сапалы жүргізіп, мерзімінде пайдалануға берген елімізге белгілі «BI GLOBAL» компаниясының ұжымына Сыр жұртшылығының, өзімнің атымнан шынайы алғысымды білдіремін. Егемен елімізді дамыту жолындағы абыройлы істеріміз, өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі өрелі жұмыстарымыз табысты болсын!

Балаларымыз аман, еліміз тыныш, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай! Мереке құтты болсын! – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Жобаны сапалы әрі уақытылы салған мердігер «BI GLOBAL» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қызметкерлері облыс әкімінің алғыс хатымен марапатталды.

Парламент Сенатының депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мәжіліс депутаттары Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев, академик, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, физика-математика ғылымдарының докторы, Қазақстанның Еңбек Ері Асқар Жұмаділдаев арнайы қатысқан салтанатты сәтте Мархабат Жайымбетұлы құттықтау сөз сөйледі.

Айта кетейік, Президент бастамасымен жүзеге асқан «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында облысымызда кең ауқымды абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Қала, аудан және ауылдардағы парктер, скверлер, аллеялар мен көпқабатты үйлердің аулалары жаңартылып, көркейтілуде.

Өңірдің сәулеттік келбеті жаңарып келеді. Кәсіпкер, меценат Асқар Әубәкіровтың демеушілігімен Қызылорда қаласының Орталық алаңы толық қайта жаңғыртылды. Сонымен қатар демеушілердің қолдауымен Жаңақорған ауданында 790 млн теңгеге заманауи демалыс паркі, Сырдария ауданы Нағи Ілиясов ауылында 450 млн теңгеге «Еңбекшілер паркі» пайдалануға берілді. Мұндай демалыс орны жақында Қазалы ауданында да ашылып, тұрғындар игілігіне ұсынылды.

Қазіргі таңда Президент саябағын, Батырхан Шөкенов атындағы парк пен Қорқыт ата мемориалды аллеясын жаңғырту жұмыстары қарқынды түрде жүріп жатыр.

**«СБ» ақпарат**



Суреттерді түсірген: Бағдат ЕСЖАНОВ

# СЫР ӨҢІРІ БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ ОРДАСЫНА АЙНАЛЫП КЕЛЕДІ

«Қазақстанда үш мықты мектептің жүйесі бар. Соның бірі – физика-математика мектебі. Бұл білім ордасының негізі 1969 жылы құрылған. Мен оның алғашқы түлектерінің бірімін. Қаншама жылдан кейін Қызылорда облысында филиалының ашылуы үлкен қуаныш, үлкен мәртебе. Өйткені Сыр өңірі тек жыр өңірі ғана емес, ғылым өңірі болуы тиіс. Оған біздің әлеуетіміз де, жігеріміз де жетеді». Бұл – Мемлекеттік сыйлықтың иегері, физика-математика ғылымдарының докторы, Қазақстанның Еңбек Ері Асқар Жұмаділдаевтің аймақта ашылған физика-математика бағытындағы «Білім-инновация» лицей-интернатының ашылуында айтқан сөзі.

Расымен, өңірде бой түзеген мектептің ашылуы – Сыр елінде ғылым мен білімнің жаңа кезеңге аяқ басқанын көрсетеді. Асқар Жұмаділдаев сынды әлемге танылған ғалымның өзі оң бағасын беріп отырған білім ордасы талай түлектің арманын жүзеге асыруға себепкер болмақ. Ендігі міндет – осы мектептің мәртебесіне сай жұмыс істеп, ел үмітін ақтайтын шәкірттер тәрбиелеу. Сыр өңірі енді жыр ғана емес, ғылым мен жаңалықтың да ордасына айналары сөзсіз.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев мектептің ашылу салтанатында білім мен тәрбиеге баса мән берілетінін айтып, бұл білім ордасы өңір жастарының жан-жақты дамуына зор мүмкіндік туғызатынын жеткізді.





– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Сапалы білім – жетістікке жетудің жолы әрі экономиканы дамытудың басты құралы. Жеті түрлі ілім білетін ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің негізгі міндеті» деген болатын.

Бүгінде өңірде жастарымызға сапалы білім, саналы тәрбие беруге бағытталған бірқатар жүйелі жұмыстар атқарылуда. Мәселен, аймағымызда соңғы үш жылда білім беру саласына бөлінген қаржы көлемі бірнеше есеге өсті. Биылдың өзінде білім саласының бюджеті 308 млрд теңгеден асты. Біздің ең бірінші міндетіміз – балаларымыздың білім алуына қолайлы жағдай жасап, жайлы орта қалыптастыру. 2023 жылы Қызылорда қаласындағы 4 мектептің жанынан 1850 орындық қосымша құрылыс салып, үш ауысымдық мектептер мәселесі түбегейлі шешімін тапты. Өткен жылы жеке инвесторлар есебінен құны 31 млрд 800 млн теңгені құрайтын 13 білім беру ұйымдары салынып, пайдалануға берілді. Президентіміздің бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» жобасы аясында 6 мектеп ел игілігіне табысталды. Жаңа оқу жылына қарсы 4 мектеп іске қосылады.




Жаңа нысандардың ашылуы бұл жай ғана ғимараттардың салынуы емес, жаңа дәуірде бәсекеге қабілетті ұландарымызға жаңа мүмкіндіктер сыйлау. Алаш қайраткері Міржақып Дулатұлы: «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» деген. Бүгінгі бой түзеген жаңа білім ордасынан алдыңғы буынның ізгі жолын жалғаған талапты, талантты шәкірттер шығатынына сеніміміз мол. Санасы сергек, ойы ұшқыр, бәсекеге қабілетті оқушыларымыз көп болғай, – деді облыс әкімі.

Рәсімде Премьер-министрдің орынбасары Ермек Беделбайұлы, академик, Қазақстанның Еңбек Ері Асқар Серқұлұлы, Парламент Мәжілісінің депутаты Мұрат Абдуламитұлы, Мұрат Бақтиярұлы құттықтау сөз сөйледі. «Білім-инновация» Халықаралық қоғамдық қорының президенті Дархан Өте арнайы қатысты.

Жиын соңында физика-математика лицей-интернатының құрылысын сапалы жүргізген құрылысшылар мен білім саласы қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Айта кетейік, 400 орынды «Білім-инновация» лицей-интернаты 300 орынды жатақханамен қамтылған. Мұнда 7-11 сынып аралығындағы зияткер оқушылар білім алады. Олар үшін барлық жағдай жасалған. Биылғы іріктеуге еліміздің 17 аймағынан 1445 оқушы өтініш білдіріп, оның ішінде оза шыққан 200 оқушы қабылданған.

**Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы»**

# ӨНЕР ӘЛЕМІНЕ ЖАҢА ҚАДАМ




Осыдан екі жыл бұрын қазан айында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Саутс-Ойл» компаниясының президенті Серікжан Сейітжановпен Қызылорда қаласының сол жағалауынан 650 орындық музыкалық колледж ғимаратын салу жобасы бойынша ынтымақтастық туралы келісімге қол қойған болатын. Өткен жылы көктемде аймақ басшысының қатысуымен колледждің жаңа ғимаратының іргетасы қаланды.

Осы уақытқа дейін ыңғайластырылған типтегі ескі нысанда орналасқан өнер ордасы өткен жексенбіде сәні мен салтанаты келіскен жаңа ғимаратқа көшті. Сыр жұртшылығы бұл қуанышты сәтті ерекше ықыласпен қарсы алды. Өнерсүйер қауым үшін бұл – тек жаңа мекен емес, шығармашылықтың жаңа белесі болмақ.

Салтанатты сәтте облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев сөз алып, өнер ордасы талай мықты шәкірттер тәрбиелейтін қарашаңыраққа айналатынын атап өтті.

– Елу жылға жуық тарихы бар Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжі Сыр топырағында ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан мәдени мұраның, ұлттық өнердің кемелденуіне зор үлес қосып келеді. Бүгінге дейін оқу орны талапқа сай келмейтін ескі ғимаратта қиындықтарға қарамастан жастарға білім беріп, өнерге баулыды. Жаңа ғимаратта студенттерге барлық жағдай жасалған. Үлкен концерт, би залдары, хор бөлмесі бар. Кең музыкалық пәндік кабинеттер жаңа заманауи құрал-жабдықтармен қамтылған. Материалдық-техникалық базасы заман талабына сай келетін 200 орындық жатақхана шалғай елді мекеннен келген жас өрендерді қабылдауға дайын.



Күн сайын жаңарып, жасарған Сыр өңірінің жаңа келбетіне көрік берген музыкалық колледждің ғимаратын салуға демеушілік жасап, қолдау көрсеткені үшін «Саутс-Ойл» компаниясының басшысы, елімізге белгілі меценат Серікжан Сейітжанұлына барша Сыр жұртшылығының, өзімнің атымнан шынайы ризашылығымды білдіремін. Бұл ұлтымыздың тарихи «Қазақ» атауының қайтарылғаны және Қызылорданың астана болғанының 100 жылдық мерейтойына үлкен тарту болды. Жаңа нысан баршамызға құтты болғай! – деді аймақ басшысы.

Салтанатты шарада Серікжан Сейітжанов пен Сенат дупутаты Руслан Рүстемов жаңа ғимараттың ашылуымен құттықтап, ізгі тілектерін жеткізді.

– Мәдениет – ұлттың мәйегі. Мәдениет – ең алдымен жәдігерлік.

Өнер – халықтың қазынасы, ұлттың құндылығы. Осы орайда, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың халықшыл бастамалары аясында елімізде мәдениет пен өнер саласы да өркендеп келеді. Мәселен «Анаға тағзым», «Отбасы орталығы», көпфункционалды 1000 орындық «Өнер орталығының» салынып, жаңадан симфония оркестрі, инклюзив театр, жастар театры, заманауи би, хор ұжымдары жасақталды. Сондай-ақ Сыр мәдениетінің негізгі бренді – жыраулық дәстүр өкілдерінің «Жыраулар үйі» ашылды. Барлық аудандарда ішінде неке қию залы, кітапхана, музей, мұрағат, жастар сарайы, ардагерлер мен аналар үйі бар «Руханият орталықтары» пайдалануға берілді. Мәдениет ұжымдарына алғаш рет жаңадан көпқабатты тұрғын үй салынып, 40 қызметтік пәтер табысталды.

Мәдениет және өнер, әдебиет өкілдерін қолдау мақсатында өткен жылдан бастап «Тұран» сыйлығы дәстүрлі түрде жыл сайын табысталуда.

Өнер ұжымдарын сақтап қалу мақсатында Нұртуған, Жиенбай, Нартай, Манап, Сыр сүлейлері мектептерін жандандыруға, олардың ізбасарларын дайындауға, Нартай Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрын, филармонияны, ауылдық клубтарды қайта жасақтауға күш салынды.

Еуропадағы бірнеше мемлекетте Қызылорда облысының мәдениеті мен өнері күндері сәтті өткізілді. Міне, серпіліс сәулесі осылай жарқырай бастады. Сыр саңлақтары халықаралық деңгейдің жаңа белесіне шықты.

Ұлтымыздың «Өнерліден өнеге ал, таланттыдан тәлім ал» деуі тегін емес. Себебі, өнер – он іспен тең, өнерпаз – он кісімен тең деген баға бар. Жаңа оқу ғимараты мәдениет пен өнердің игілігіне ұзағынан қызмет еткей, – деді Руслан Рүстемұлы.

Жиын барысында жаңа ғимараттың салынуына үлес қосқан құрылысшылар мен колледж педагогтері марапатталды.

Айта кетейік, музыкалық колледждің жалпы құны 4 млрд 800 млн теңге. Білім ошағының салынуына «Саутс-Ойл» компаниясы демеушілік жасады. Аталған компания осы уақытқа дейін де Қызылорда қаласында «Нұрсәт» спорт кешенін, Аралдағы «Қамыстыбас» көлінің жағасына балалардың оқу-сауықтыру орталығын өз қаражаты есебінен салған.





Суреттерді түсірген: Бағдат ЕСЖАНОВ

# ТАРИХТАН СЫР, ТАНЫМҒА НҰР

Биыл Қызылорданың Қазақ елінің астанасы болғанына 100 жыл. Мерейтой қарсаңында Сыр өңірінде тарихи-өлкетану музейінің жаңа ғимараты ашылды. Жаңа музей ғимараты заманауи талаптарға сай жабдықталып, өңірдің бай тарихы мен мәдени мұрасын кеңінен таныстыруға мүмкіндік береді. Мұнда келушілер Қызылорданың астана болған кезеңіндегі құнды жәдігерлермен, тарихи құжаттармен және көрнекті тұлғалардың өмірі мен қызметіне қатысты экспозициялармен таныса алады. Бұл бастама – Сыр елінің рухани жаңғыру жолындағы маңызды қадамы әрі жас ұрпаққа тарихи сананы сіңірудің тиімді жолы болып отыр. Шараға «Самұрық - Қазына» Ұлттық компаниясының басқарушы директоры Ғибрат Ауғанов арнайы қатысты.



Салтанатты рәсімде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев сөз алып, жаңа ғимараттың ұлт руханиятына қызмет етіп, мәдени мұралардың ордасына айналуына тілегін білдірді.

– Бүгін аймағымыз үшін тарихи сәт, айтулы күн. Қасиетті Сыр өңірі – астаналар мекені, ұлт руханияты мен мәдениетінің алтын діңгегі. Ежелгі сақ заманындағы Шірік-Рабат, Оғыз мемлекетінің астанасы Жанкент, Ақ Орда мен қазақ хандығының астанасы Сығанақ қаласы соның айғағы. Киелі топырақта түркі жұртының абызы Қорқыт бабамыздан бастап, ел тарихынан ойып орын алатын қаншама тұлғалар, қайраткерлер, мәдениет майталмандары мен әдебиет өкілдері дүниеге келді.

Президентіміз бірлік пен берекенің, өнер мен мәдениеттің құтты ұясы болған Сыр өңірін алтын бесікке теңеп, айрықша бағасын берді. Мемлекет басшысы Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайда келесі бесінші отырысты Сыр бойында, кезінде қазақ елінің астанасы болған Қызылорда қаласында өткізуді ұсынды. Алқалы жиында қабылданған тарихи шешім аймақ жұртшылығының мерейін асқақтатты. Бұл біз үшін зор мәртебе.

«Алаштың анасы» атанған қасиетті Сыр өңірінде Президенттің, Үкіметтің ерекше қолдауымен байыпты бастамалар қолға алынып, жаңа жобалар іске асуда. Әсіресе, мәдениет саласында жүзеге асқан жобалар жетерлік. Бүгінгі облыстық тарихи-өлкетану музейінің халық игілігіне берілуі соның бір айғағы. Музейдің салынуына «Самұрық-Қазына» Ұлттық компаниясы өз үлесін қосты.

Заманауи жаңа ғимарат ұлтымыздың тарихи «Қазақ» атауы қайтарылған және Қызылорданың Қазақ елінің астанасы болғанына 100 жыл мерейтойына, облыстық музейдің 85 жылдығына керемет тарту болды. Жаңа музей егемен еліміздің өткені мен келешегін байланыстыратын тарих айнасына, мәдени мұралардың орталығына айналсын. Киелі «Сыр елі – жыр елінің» мәдени қазынасы арта бергей! – деді облыс әкімі.

Салтанатты шарада Сенат депутаты Наурызбай Байқадамов та Сыр жұртшылығын тарихи сәтпен құттықтап, тілегін жеткізді.

– Соңғы екі-үш жыл көлемінде Сыр өңірінде руханият саласына айрықша көңіл бөлініп келеді. Бірқатар мәдени нысандар жаңарып, жаңалары бой көтеруде. Бүгін біз сондай игі бастаманың бірінің куәсі болып тұрмыз. «Мұражай» сөзі – «муза сарайы» деген мағына береді. Бұл – жай ғана экспонаттар жиынтығы емес, бұл – ұлттың өткеніне көз жүгіртіп, болашағына бағдар жасайтын рухани кеңістік, алтын қор.

Бір кездері Қызылордадағы музейлердің жағдайы көңіл көншітпейтін. Алайда аймақ басшылығының бастамасымен аудан орталықтарында «Руханият» орталықтары ашылып, тарихи-мәдени мұраларды жүйелі түрде сақтауға жол ашылды. Енді, міне, облыстық тарихи-өлкетану музейі де өз тарихында тұңғыш рет арнайы салынған заманауи ғимаратқа көшіп отыр. Бұл – музейдің 85 жылдық шежіресінде айтулы жаңалық.

Бүгінде облыс аумағында 14 тарихи-өлкетану музейі жұмыс істейді. Онда 170 мыңнан астам құнды жәдігер сақталған. Жаңа ғимараттың ашылуы – қорымызды байытып, ұрпаққа рухани мұра қалдыру жолындағы үлкен мүмкіндік. Бұл – өткенімізді қадірлеп, келешекке қалдыратын аманат, – деді Наурызбай Сейітқалиұлы.

Жиын барысында музей ғимаратының құрылысын сапалы жүргізіп, ел игілігіне табыстауға және заманауи экспозициясын жасақтауға үлес қосқан құрылысшылар мен музей қызметкерлері марапатталды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазіргі заман талабына сай музей – қоғам санасын жаңғыртуға зор ықпал ететін институтқа айналуы керек. Сол арқылы жас ұрпақ төл тарихымыз бен салт-дәстүрімізді терең танып, одан тағылым алуы қажет» деп атап өткен болатын. Расында да, бүгінгі таңда музей өткенді ұлықтайтын ғана емес, келешекті кемелдендіретін мәдени-ағартушылық кеңістікке айналып отыр.



Жаңа нысан – осы сөздің айқын дәлелі. Мұнда негізгі қордағы 40 мыңға жуық түпнұсқа жәдігер мен көмекші қордағы 35 мыңнан астам тарихи экспонатты халықаралық стандарттарға сай сақтау мүмкіндігі қарастырылған. Жалпы аумағы 3 мың шаршы метрден асатын музей ғимараты 11 экспозициялық залды қамтиды. Жаңадан ашылған орта ғасырлар өркениеті мен ғарышты игеру залдары – тарихи таным көкжиегін кеңейте түссе, балалар музейінің арнайы бөлмесі өскелең ұрпақты рухани әлемге жетелейді.

Ең бастысы музейде экспонаттарды таныстыруда заманауи технологиялар мен жасанды интеллектінің тың мүмкіндіктері қолданылған.



**Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы»**

# ЗАҢСЫЗ ҚҰРЫЛЫСТАРҒА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев тұрғындардың жүріп-тұруына кедергі келтіретін, шаһардың көркін бұзатын заңсыз құрылыстарға қатысты нақты тапсырма берген болатын. Тапсырмаға сәйкес облыс аумағында рұқсатсыз салынған құрылыс нысандарын анықтап, заң аясында тиісті шаралар қабылдау үшін арнайы комиссия құрылып, жұмысын бастады.

Комиссия жүргізген тексерістер кезінде және белсенді тұрғындардың атсалысуымен сәулет талаптарын сақтамау, тротуарларды заңсыз қоршау, абаттандыру қағидаларын бұзу сияқты бірқатар заңбұзушылықтар анықталуда.

Атап айтқанда, Желтоқсан көшесі, №22 мекен- жайындағы 17-18-пәтер тұрғын емес үй-жай ретінде тіркеліп, дүкен ашуға рұқсат алған. Алайда нысан иесі жобадан ауытқып, тротуарды заңсыз қоршап, мемлекеттік жерді иемденген. Бұл әрекетімен жаяу жүргіншілер жолын тарылтып, санитарлық талаптарды бұзған. Аталған нысанға аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес қала әкімі жауапты мамандармен барып, қоршауды алу жұмыстары жүргізілді. Меншік иесіне Заңға сәйкес құзырлы органдар тиісті шарасын көретін болады.

Бұдан бұрын Абай даңғылы бойындағы экономикалық тергеу департаменті ғимаратын қоршау жұмыстары тоқтатылған болатын.

Комиссия заң бұзушылықты тіркеп, қолданыстағы талаптарға сәйкес тиісті шаралар қабылдады. Алдағы уақытта да бұл бағыттағы жұмыс жүйелі жалғасып, рұқсатсыз және ретсіз құрылыс нысандарына тосқауыл қойылады.

Айта кету керек, қазіргі таңда аймақта 442 құрылыс нысаны анықталып, оның 25-не қатысты 56 хаттама толтырылып, 11 млн 610 мың теңге айыппұл салынды.

***Сыр көктемі биыл кешеуілдеп келді және көпке дейін алагүліктеніп, құбылып, қалпына түсе алмады. Ауру теңіз әлегінен онсыз да үп еткен желмен бірге тұз жауып, тұзбен тыныстап жатқан жұрт Табиғат-ананың қас-қабағын бағып қарайлап, дағдылы тіршілігіне кешігіп кірісті. Бірақ етек-жеңін түрініп, сергек отырған халық қауырт қимылдап, әр сәті ырыс-берекеге тұнып тұратын көктем күнінің көп шаруасының әрқайсысын кезімен мерзімінде тиянақтап қоюға тырысты. Өйтпегенде қайтеді, Сыр өңірінің қазіргі хал-ахуалы ырғалып-жырғалуды көтермейді. Әсіресе, табиғаттың төлдер шағының қапысы жаман. Тіпті ілгеріде заманның түзу кезінің өзінде-ақ, ата-бабаларымыз: «Бейнеттің бірі – қырда, мыңы – Сырда» деп бекер айтпаса керек. Содан да, қалай, әйтеуір бұл өлкенің байырғы диқан-малшысы мен биіктегі әкіміне дейін шаруада ширақ, қам-қарекетте қунақ көрінеді...***



# Сыр көктемі. Алмагүл арманы

Құрметті оқырман! Осы қатарларды жаза отырып, өткен 1992-1996 жылдар аралығында еңбек еткен Сәкен Сейфуллин ауылына тағы бір барып, еңбектес азаматтармен қауышып, үлкендерге сәлем беріп, баталарын алып қайтқандай әсерге еріксіз бөленесің. Сәкен Сейфуллин ауылы өзінің кіреберісінен бастап төріндегі Қараөзек бойы өзен-көл, жайылым, шабындығымен, құдды бір көк майса жерге жайып тастаған қазақтың шапанының мол етегіндей, қазақтың сол біртуар талантты тұлғасы Сәкен Сейфуллиннің иығына жабылған шапанның көрінісін еске түсіргендей!

Төрт жыл қызметте болған уақытым бүгін бір сәт көзді ашып-жұмғандай! Ауылдағы ағайынмен бірге атқарған тіршіліктің өзім куәсі болған азғантай кезеңінен естелік жазып қалдыруды жөн көрдім.

Он төрт жылдан астам уақыт 1975-1989 жылдарда өз мамандығымды игеруде үлкен еңбек жолынан өттім. Осыдан болса керек, «Ленин» орденді «Главриссовхозстройға» қарасты «Қызылордамелиорация» бірлестігі ұжымына қайта оралу, жақсы көретін мамандығыммен қайта қауышуды әрдайым іздеп, күтіп жүретінмін.

Осы уақыттың қарсаңы, яғни 1991 жыл бүкіл әлемге белгілі күрделі оқиғалар өрбіген кезең болатын.

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін жариялап, астанамыз Алматыда 16 желтоқсан күні Жоғарғы Кеңестің шешімі қабылданды. Қазақ елі өз болашағын өз қолына алған тарихи шешім әрбір қазақстандықты болашаққа үлкен үмітпен қарауға жетеледі. Қызылорда облыстық партия комитетінің нұсқауларына сәйкес Тереңөзек аудандық партия комитетінің жұмысын тоқтатуға қатысты кезек күттірмейтін жұмыстарды 1991 жылғы 23 тамыз-9 қараша аралығында толық аяқтап, партиялық құжаттарға қатысты тиісті құпия сақтау, жою қажеттіліктері өзімізге берілген тапсырмаларға сәйкес орындалды.

Бұрынғы партия комитеттері мен совет қызметкерлерін жаңа бағыттағы жұмыстарға жіберу, орналастыру процестері облыс әкімшілігі тарапынан жүргізіліп жатты. Заманымыз ортақ, жасымыз қатарлас бізді аудан шаруашылықтарына, оның ішінде Сырдария ауданының әкімі Алмагүл Божанова басқарып отырған шаруашылықтарға жіберді.

Аппаз Кәмішев Мәскеуде өткен СОКП XXVII съезі делегаты Қармақшы аудандық атқару комитеті төрағасы «Ақжарма» директорлығына, Бақыт Мыханов Тереңөзек аудандық бірлестігі төрағалығына, Алдаберген Құлбаев «Шіркейліге», Сейілбек Асқаров «Тереңөзекке», Өмірзақ Сәдуов аудандық кооператив төрағалығына, Құрман Ысқақов «Іңкәрдарияға», Әлтай Сыздықов «Қараөзек» қаракөл шаруашылығына, Әділхан Мәлібаев Оспан Мәлібаев атындағы шаруашылыққа, Тұрмахан Арапов А.Тоқмағамбетовке және мен С.Сейфуллин атындағы совхозға басшылық қызметтерге бекітілдік.

Сол ел үшін еңбек еткен тұғырлы тұлғалардың қатарында заты қыз баласы болса да, ерлермен үзеңгі қағыстырып бірге еңбек еткен Алмагүл Божанованың шоқтығы биік.

Қызылорда облысының әкімшілік басшысы Сейілбек Шаухамановтың шешіміне сәйкес мен Қызылорда қалалық әкімшілік басшысы Әбдіржан Қалыбаевтың мемлекеттік жекешелендіру жөніндегі орынбасары ретінде 9 қараша (1991 ж.) күні жұмысқа қосылуым керек болатын. Өкінішке қарай, Қазалыда емделіп жатқан анамның науқасы ауырлап, облыс дәрігерлерінің ұсынысымен әкем Елекең анамызбен бірге шұғыл Алматыға емделуге жүретін болды. Отбасымыздың жағдайы біздің бала-шағамызбен көшіп-қонып, қалаға қайтып оралуымызды көтере алмайтын еді. Қыстың қарсаңында жылы орнымызды суытпай, сабыр сақтап, отбасылық шаруашылыққа бас-көз болу қажет. Әрине, аудан басшысы Жолдасбек Ердешбаев және Алмагүл Божанова біздің отбасы жағдайымен түгел хабардар болып отырды. Қорытындысында, анамыздың ауыр науқасының беті қайтқанша Тереңөзектен көшпей, облыс басшысы мен Әбдіржан Қалыбаевқа өтініш жасауға келдім. 8 қараша таңертең қала басшысы Ә.Қалыбаев қабылдап, менің Тереңөзектен қазіргі уақытта көше алмайтын жағдайымды түсінді. Телефонмен С.Шаухаманов, В.Брынкинмен хабарласты. Түсінгенім, менің қызметке орналасуым қаралатын болды.

1992 жылдың 7 қаңтары күні Сәкен Сейфуллин совхозында басшылық кадр ауысу жиналысы өтті. Тереңөзек аудандық кеңесінің төрағасы Жолдасбек Ердешбаев совхоздың бұрынғы директоры Темірхан Құлмағанбетовтың атқарған қызметіне қысқаша шолу жасап, басқа жұмысқа ауысуына байланысты совхоз директорлығынан босатылғанын және алдағы уақытта бұл қызметке бұрынғы аудандық партия комитетінің хатшысы Айтбай Көшербаевтың тағайындалғанын хабарлады. Міне, осылай менің еңбек жолымда он ойласам түсіме де кірмеген келесі кезең – совхоз басшысының жауапты міндеттері алдыма қойылды.

Сонымен түгел тізімдемей-ақ, атқарылатын қыруар шаруаның басы ашылып анықталды. Өз кезегінде өндірісті ұйымдастыруда осы кездегі жүргізілген мемлекет саясатына байланысты совхозды кіші кәсіпорынға бөліп, өндіріс құрал-жабдықтарын қайта бейімдеу міндеті тұрды. Осы мың сан шаруа жайының барлығында да Тереңөзек ауданының әкімі болып жаңадан тағайындалған Алмагүл Божановамен қозғалатын шаруаларды ашық пікірлесіп, келісіп отырдық.

Сейфуллин ауылына ат басын бұрған әкем Елеудің елге бір сапарында «аудан әкімі Алмагүл Божанованың өзің туралы оң пікірін естідім» дегені есімде.

Алмагүл – туған жерін түлеткен тұлғалардың бірі. Өмір жолына қарасақ, 1946 жылы 14 наурызда бұрынғы Тереңөзектің «Қызылөзек» ауылында дүниеге келген. Әуелгіде (1964 жылы) М.Мәметова атындағы қыздар педагогикалық училищесінде, одан кейінгі жылдарда (1970 жылы) Қызылорда педагогикалық институтында білім алды. Тереңөзек ауданындағы «Шаған» ауылында балабақша меңгерушісі, «Бесөзек» ауылындағы орта мектепте мұғалім, аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, А.Тоқмағамбетов ауылында орта мектептің директоры, аудандық партия комитетінің хатшысы, халық депутаттары Тереңөзек ауданы кеңесі атқару комитетінің орынбасары, төрағасы деген қызметтік сатылардан өтті. 1992-1999 жылдары Тереңөзек ауданының әкімі болды. 1999-2003 жылдары облыстық мәслихаттың хатшысы болып сайланды. Зейнетке шыққан жылдары да ел игілігі жолында тәлімі мен тәжірибесін ортаға сала жүріп, республикалық Ұлттық кеңестің мүшесі болды.

«…Мамырдың екінші аптасында шыңылтыр суық ауа ширатылып келіп, үскірік лебімен көк көрпелі даланы тағы бір қарып өтті. Ақ жұмыртқа-сары уыз төл, көгерген егін, гүл жарған бау-бақша, қабағат тіршілік қамымен қарбалас жүрген жұрт не халде, аудан әкімі Алмагүл Божанова соның бәрін өз көзімен көрмек болып, жаны шырқырап, асығыс ауыл-ауылды аралап кетіпті. Қаршадайынан осы араның ыстығына күйіп, суығына тоңып өскен Алманың ел-жұрттың тыныс-тіршілігін өз көзімен көріп, емші-балгердей тамырын басып байқамайынша көңілі бір тыншымайды». Уақытында «Заман Қазақстан» газетіне Әбіраш Жәмішұлы мен Әбілмәжін Жұмабайұлы жазған осы жолдар Алмагүл Божанованың нағыз іскерлік портреті болатын. Сыр көктемінің бояуын мейлінше ашқан мәтінді әрі қарай жалғастырсақ:

«…Біздің жай-күйімізді, нендей шаруамен жүргенімізді біліп, жәрдем-көмек көрсету жағын аудандық кеңес төрағасы, ұзақ жылдардан бері, қызметтес, сыралғы серігі Өмірзақ Сәдуұлына табыстап кеткен екен.

Өмірзақ Сәдуұлы бізді көрісімен:

– Пәлі, көктемгі егіс мәселесімен тек біз ғана айналысамыз ба десек, сіздердің де тұқым себетін кездеріңіз келген бе? – деп әзілдеп қарсы алды ол әдемі қараторы жүзіне күлкі үйіріліп.

– Иә, себер көбейсін дейсің ғой. Оның көбею-көбеймеуі сенің қолыңда, – деп біз де жүк салмағын сұңғыла ініміздің иығына арта салып, әзілге әзілмен жауап бердік.

Өмірзақ та – ауылдың ақ топырағын борпылдата кешіп, «Шіркейлінің» маса-сонасына таланып өскен осы араның түлегі. Оның мына Тереңөзек кеңесінің төріне әкелген азаматтық өмір жолында тіршіліктің талай-талай ащы-тұщы тәжірибесі жатыр.

Нағи ауылына келгенімізде кеңшар директоры Бақыт Мыханов пен ауылдық кеңес төрағасы Төребек Жұмабеков екеуі де орындарында отыр екен. Бәріміз директор кабинетіне жайғаса бергенде, стол үстіндегі телефон безілдеп қоя берді. Директор сөзінің ыңғайына қарағанда, қоңырау облыстан, мұнда шетелден қонақтар келе жатқан секілді. Соны жеделдетіп аэропорттан барып қарсы алмақ керек, біздің елеңдеп отырғанымызды байқады да, Бақыт істің мән-жайын түсіндірді. …Нарық экономикасының тар ноқтасы кеңшар басшыларын да, қосшыларын да пысықтап, ширата түскен тәрізді.

Асқар ауылынан кеңшар кәсіподақ комитетінің төрағасы Дәуітбай Сұлтановпен дидарластық. Кеңшар директоры мал төлдеп жатқан қыр жаққа қойшыларға кетіпті.

Сәкен Сейфуллин атындағы ұжымдық шаруашылық директоры Айтбай Көшербаев бастаған бір топ кісімен біз мектеп залында кездестік. Онда мектеп директоры Балтабай Бержаппаров та болды. Өзара танысып-білісіп, «Заман-Қазақстанның» бүгінгі хал-қадіріне қаныққаннан кейін кеңшар орталығын аралауға шықтық…

Алуан дыбысты аспаптар жарасты үйлесім тапқан жақсы оркестрдей-ақ, көктемнің құбылмалы-құйтұрқы мінезіне қарамастан, күллі ауданнан әдемі бір еңбек ырғағы сезіледі».

Бұл аяулы арманы мен мақсат мүддесін мемлекет қызметіне арнаған замандас Алмагүлдің аудан басқарып тұрған кездегі көктемнің бір көрінісі еді.

**Айтбай КӨШЕРБАЕВ,**
**қоғам қайраткері**

---

**ЖОБА**

## 2025 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-тармағының 7-3) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 597 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын есепке алғандағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін бекіту туралы» бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16137 тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін.
2. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін.
3. Осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі, осы қаулының 1-тармағы 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға, 2-тармағы 2025 жылғы 19 мамырдан бастап туындаған қатынастарға таралады.

**Қызылорда облысының әкімі** **Н.Нәлібаев**

Қызылорда облысы әкімдігінің
2025 жылғы «___» _____________№ ____ қаулысына
1-қосымша

2025 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

| Елді мекен | Тәрбиеленушілер саны* | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының түрлері және айына бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге) | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жарты күн болатын топта, жалпы білім беретін мектептегі мектепалды даярлық сыныбында | 9 сағаттық болу режимі бар топта | 10,5 сағаттық болу режимі бар топта | Туберкулез, аллергия ауыруымен ауыратын, қант диабетімен ауыратын, әлжуаз және жиі ауыратын балаларға арналған 10,5 сағаттық болу режимі бар топта | түзету үлгісіндегі 10,5 сағаттық болу режимі бар топта |
| ауыл | 30 673 | 33 295 | 69 726 | 76 205 | 116 249 | 140 839 |
| қала | 28 655 | 30 465 | 64 066 | 69 838 | 105 636 | 127 573 |

Ескерту: * - жыл көлемінде тәрбиеленушілер саны өзгереді.

Қызылорда облысы әкімдігінің
2025 жылғы «___» _____________№ ____ қаулысына
2-қосымша

2025 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

| Елді мекен | Тәрбиеленушілер саны* | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының түрлері және айына бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге) | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жарты күн болатын топта, жалпы білім беретін мектептегі мектепалды даярлық сыныбында | 9 сағаттық болу режимі бар топта | Туберкулез, аллергия ауыруымен ауыратын, қант диабетімен ауыратын, әлжуаз және жиі ауыратын балаларға арналған 10,5 сағаттық болу режимі бар топта | түзету үлгісіндегі 10,5 сағаттық болу режимі бар топта |
| ауыл | 30 673 | 23 759 | 51 836 | 98 359 | 122 948 |
| қала | 28 655 | 20 929 | 46 175 | 87 745 | 109 681 |

Ескерту: * - жыл көлемінде тәрбиеленушілер саны өзгереді.

Қызылорда облысы әкімдігінің
2025 жылғы «___» _____________№ ____ қаулысына
3-қосымша

2025 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ата-ана төлемақысының мөлшері

| Елді мекен атауы | Тәрбиеленушілер саны* | Бір айға ата-ана төлемақысының мөлшері 3 жасқа дейін (теңге) | Бір айға ата-ана төлемақысының мөлшері 3 жастан бастап (теңге) |
|---|---|---|---|
| Қызылорда | 25347 | | |
| қала | 23954 | 13500 | 14500 |
| ауыл | 1393 | 13500 | 14500 |
| Арал ауданы | 4599 | | |
| қала | 2392 | 10000 | 10000 |
| ауыл | 2207 | 10000 | 10000 |
| Қазалы ауданы | 3961 | | |
| қала | 305 | 9500 | 14000 |
| ауыл | 3656 | 9500 | 14000 |
| Қармақшы ауданы | 4516 | | |
| қала | 1135 | 11000 | 13000 |
| ауыл | 3381 | 10000 | 12000 |
| Жалағаш ауданы | 2795 | | |
| ауыл | 2795 | 6000 | 7000 |
| Сырдария ауданы | 2125 | | |
| ауыл | 2125 | 8820 | 9450 |
| Шиелі ауданы | 6690 | | |
| ауыл | 6690 | 12000 | 12000 |
| Жаңақорған ауданы | 6286 | | |
| ауыл | 6286 | 6000 | 8000 |

Ескерту: * - жыл көлемінде тәрбиеленушілер саны өзгереді.

---

## Хабарландыру

**Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда медициналық жоғары колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына байқау кеңесінің мүшесі лауазымдық қызметіне Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы конкурс жариялайды.**

**Конкурс өткізілетін күн:** конкурсты өткізу туралы хабарландыруды жариялағаннан бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің аяқталуына дейін.

**Конкурс өткізілетін орны:** Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы, мекенжайы: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 27, №212 бөлме.

**Кәсіпорын атауы, орналасқан жері, пошталық мекенжайы және байланыс телефоны:** «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда медициналық жоғары колледжі» ШЖҚ КМК, индексі 120001, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Ыбырай Жақаев, 18, байланыс телефоны: 8 (7242) 23-05-13, kzmedicalcollege@mail.ru

**Негізгі қызметі:** Орта арнаулы білім

**Білім беру саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардағы байқау кеңесіне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімнің, сондай-ақ мынадай талаптардың бірінің:**

1) білім беру саласында кемінде он жыл жұмыс тәжірибесінің;

2) білім беру саласындағы басшылық қызметте (заңды тұлға басшысы немесе оның орынбасарлары) кемінде бес жыл тәжірибесінің;

3) білім беру саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі болуын қамтиды.

**Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде комиссияға мынадай құжаттарды ұсынуы тиіс:**

1) Конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) Мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;

3) Еркін нысанда жазылған өмірбаян;

4) Үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) Жоғарғы білімі туралы құжаттың көшірмесі;

6) Еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі, не соңғы жұмыс орнына қабылданған және еңбек шартының тоқтатылғандығы туралы бұйрықтардың көшірмесі;

7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аймақтық бөлімшелерінен соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтары жоқ екендігі туралы берілген растайтын құжаттар.

Үміткер конкурстық өтінімнің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып жапсырады. Бұл конвертте үміткердің аты, жөні, тегі және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Қажетті құжаттар Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 27-үй мекен-жайы бойынша Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасына тапсырылуы тиіс.

**Анықтама үшін байланыс телефоны: 8 (7242) 40-01-51 (3008), 23-53-41.**

## Объявление

**Управление здравоохранения Кызылординской области объявляет конкурс на занятие должности члена наблюдательного совета коммунального государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Кызылординский медицинский высший колледж» управления здравоохранения Кызылординской области».**

**Дата проведения конкурса:** по истечению 30 (тридцати) календарных дней со дня объявления проведения конкурса.

**Место проведения конкурса:** Управление здравоохранения Кызылординской области, адрес: город Кызылорда, проспект Абая, 27, кабинет №212.

**Наименование предприятия с указанием местонахождения, почтового адреса, телефона:** КГП на ПХВ «Кызылординский медицинский высший колледж» управления здравоохранения Кызылординской области», индекс 120001, Кызылординская область, город Кызылорда, улица Ыбырая Жахаева 18, контактные телефоны: 8 (7242) 23-05-13, e-mail: kzmedicalcollege@mail.ru

**Основная деятельность:** Среднее специальное образование

**Требования к лицам, избираемым в наблюдательный совет государственных предприятий с правом хозяйственного ведения в сфере образования, включают наличие высшего образования, а также одно из следующих требований:**

1) стаж работы в сфере образования не менее десяти лет;

2) стаж работы на руководящих должностях в сфере образования не менее пяти лет (руководитель юридического лица или его заместители);

3) членство в общественных объединениях в области образования.

**Лицо, изъявившее желание принять участие в конкурсе представляет комиссии следующие документы:**

1) Заявление об участии в конкурсе;

2) Резюме на государственном и русском языках;

3) Автобиографию, изложенную в произвольной форме;

4) Копию документа, удостоверяющего личность кандидата;

5) Копию документа о высшем образовании;

6) Копию трудовой книжки (при ее наличии) или трудового договора либо выписки из приказов о приеме и прекрашении трудового договора с последнего место работы;

7) документы, подтверждающие отсутствие судимости и коррупционных правонарушений, выданные территорияльными подразделениями Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан.

Кандидат запечатывает оригинал конкурсной заявки в конверт, пометив его: «Оригинал». На этом конверте должны быть указаны фамилия, имя, отчество и адрес кандидата.

Необходимые документы предоставляется в управление здравоохранения Кызылординской области по адресу: город Кызылорда, проспект Абая, 27.

**Телефоны для справок: 8 (7242) 40-01-51 (3008), 23-53-41.**

**ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ**
**Қызылорда қаласы №163 20 мамыр 2025 жыл**

# «2025-2027 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2024 жылғы 9 желтоқсандағы №130 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «2025-2027 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2024 жылғы 9 желтоқсандағы №130 шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«1. 2025-2027 жылдарға арналған облыстық бюджет тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2025 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 661 437 666,2 мың теңге, оның ішінде:
салықтық түсімдер – 58 765 293,3 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 9 538 826,6 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 331 000,0 мың теңге;
трансферттер түсімі – 592 802 546,3 мың теңге;
2) шығындар – 666 280 214,2 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – 25 849 029,5 мың теңге;
бюджеттік кредиттер – 43 695 697,0 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 17 846 667,5 мың теңге;
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 890 000,0 мың теңге;
қаржы активтерін сатып алу – 890 000,0 мың теңге;
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;
5) бюджет тапшылығы (профициті) – -31 581 577,5 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) –
31 581 577,5 мың теңге;
қарыздар түсімі – 43 695 697,0 мың теңге;
қарыздарды өтеу – 14 759 871,5 мың теңге;
бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 2 645 752,0 мың теңге.»;

4-тармақ мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

«11) жобаларды цифрландыру және геоақпараттық жүйелердің талаптарына сәйкестендіру.»;

аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы М.Тлеумбетов**

Қызылорда облыстық мәслихатының
2025 жылғы « 20 » мамырдағы № 163 шешіміне қосымша
Қызылорда облыстық мәслихатының
2024 жылғы «9» желтоқсандағы № 130 шешіміне 1-қосымша

## 2025 жылға арналған облыстық бюджет

| Санаты | Сыныбы | Ішкі сыныбы | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| | | | 1. Кірістер | 661 437 666,2 |
| 1 | | | Салықтық түсімдер | 58 765 293,3 |
| | 01 | | Табыс салығы | 33 988 178,3 |
| | | 2 | Жеке табыс салығы | 33 988 178,3 |
| | 03 | | Әлеуметтік салық | 23 000 098,0 |
| | | 1 | Әлеуметтік салық | 23 000 098,0 |
| | 05 | | Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар | 1 777 017,0 |
| | | 3 | Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер | 1 527 017,0 |
| | | 4 | Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар | 250 000,0 |
| 2 | | | Салықтық емес түсімдер | 9 538 826,6 |
| | 01 | | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер | 1 283 431,1 |
| | | 1 | Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері | 94 168,1 |
| | | 5 | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер | 80 000,0 |
| | | 7 | Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар | 1 109 263,0 |
| | 03 | | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері | 1 500,0 |
| | | 1 | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері | 1 500,0 |
| | 04 | | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 2 500 895,5 |
| | | 1 | Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін, бюджеттен тыс қорларға түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 2 500 895,5 |
| | 06 | | Басқа да салықтық емес түсімдер | 5 753 000,0 |
| | | 1 | Басқа да салықтық емес түсімдер | 5 753 000,0 |
| 3 | | | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер | 331 000,0 |
| | 01 | | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 331 000,0 |
| | | 1 | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 331 000,0 |
| 4 | | | Трансферттердің түсімдері | 592 802 546,3 |
| | 01 | | Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер | 21 059 600,3 |
| | | 2 | Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерден трансферттер | 21 059 600,3 |
| | 02 | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 571 742 946,0 |
| | | 1 | Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер | 571 742 946,0 |
| Функционалдық топ | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | |
| | | | 2. Шығындар | 666 280 214,2 |
| 01 | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 10 714 323,1 |
| | 110 | | Облыс мәслихатының аппараты | 180 199,0 |
| | | 001 | Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 180 199,0 |
| | 120 | | Облыс әкімінің аппараты | 4 113 849,7 |
| | | 001 | Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 3 426 901,9 |
| | | 007 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 122 868,0 |
| | | 009 | Әкімдерді сайлауды қамтамасыз ету және өткізу | 564 079,8 |
| | 265 | | Облыстың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы | 362 108,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 362 108,0 |
| | 269 | | Облыстың дін істері басқармасы | 492 034,6 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде дін істер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 84 495,0 |
| | | 005 | Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау | 201 266,6 |
| | | 113 | Төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер | 206 273,0 |
| | 282 | | Облыстың тексеру комиссиясы | 369 331,0 |
| | | 001 | Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 369 331,0 |
| | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 3 893 682,0 |
| | | 061 | Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту | 3 893 682,0 |
| | 299 | | Облыстың экономика және қаржы басқармасы | 680 308,2 |
| | | 001 | Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту, жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 616 958,0 |
| | | 021 | Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу | 2 874,2 |
| | | 061 | Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия мәселелері жөніндегі құжаттаманы сараптау және бағалау | 9 000,0 |
| | | 113 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер | 51 476,0 |
| | 718 | | Облыстың мемлекеттік сатып алу басқармасы | 305 571,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 294 741,0 |
| | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 10 830,0 |
| | 752 | | Облыстың қоғамдық даму басқармасы | 317 239,6 |
| | | 075 | Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету | 317 239,6 |
| 02 | | | Қорғаныс | 2 437 792,4 |
| | 773 | | Облыстың жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасы | 1 745 718,4 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 92 280,0 |
| | | 003 | Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар | 76 576,0 |
| | | 004 | Аумақтық қорғанысты дайындау және облыстық ауқымдағы аумақтық қорғанысы | 151 718,0 |
| | | 005 | Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру | 369 492,0 |
| | | 006 | Облыстық ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою | 887 535,0 |
| | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 168 117,4 |
| | 287 | | Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық органы | 687 129,0 |
| | | 002 | Аумақтық органның және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерінің күрделі шығыстары | 306 446,0 |
| | | 004 | Облыс ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою | 380 683,0 |
| | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 4 945,0 |
| | | 010 | Жұмылдыру дайындығы және төтенше жағдайлар объектілерін дамыту | 4 945,0 |
| 03 | | | Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі | 14 881 182,0 |
| | 252 | | Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы | 14 876 820,0 |
| | | 001 | Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 12 115 969,0 |
| | | 006 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 2 760 851,0 |
| | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 4 362,0 |
| | | 053 | Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік объектілерін салу | 4 362,0 |
| 04 | | | Білім беру | 342 165 787,8 |
| | 253 | | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы | 1 484 044,0 |
| | | 003 | Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау | 144 904,0 |
| | | 043 | Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау | 1 176 672,0 |
| | | 057 | Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету | 162 468,0 |
| | 261 | | Облыстың білім басқармасы | 303 506 896,6 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 870 813,2 |
| | | 003 | Арнаулы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру | 2 216 276,6 |
| | | 004 | Мемлекеттік білім беру ұйымдарында білім беру жүйесін ақпараттандыру | 385 793,8 |
| | | 005 | Мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендерін сатып алу және жеткізу | 1 974 401,0 |
| | | 006 | Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру | 3 791 472,0 |
| | | 007 | Облыстық, аудандық (қалалық) ауқымдардағы мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу | 177 936,0 |
| | | 011 | Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету | 852 158,1 |
| | | 012 | Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу | 933 851,8 |
| | | 019 | Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін гранттар беру | 56 000,0 |
| | | 025 | Орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау | 19 495 089,2 |
| | | 029 | Білім беру жүйесін әдістемелік және қаржылық сүйемелдеу | 1 030 962,3 |
| | | 055 | Балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім беру | 4 930 789,0 |
| | | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 4 639 809,0 |
| | | 082 | Мемлекеттік бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарында жалпы білім беру | 145 161 136,7 |
| | | 083 | Ауылдық жерлерде оқушыларды жақын жердегі мектепке дейін тегін алып баруды және одан алып қайтуды ұйымдастыру | 341 945,0 |
| | | 085 | Байқоңыр қаласындағы қазақ тілінде білім беру ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету | 4 216 372,0 |
| | | 087 | Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қорғанышқа (қамқоршыға) берілетін ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері | 250 940,0 |
| | | 200 | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету және оларда медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру | 8 925 861,7 |
| | | 202 | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыру | 51 761 792,8 |
| | | 203 | Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыру | 42 760 562,4 |
| | | 204 | Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыру | 8 732 934,0 |
| | 768 | | Облыстың дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы | 12 792 873,7 |
| | | 006 | Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру | 11 926 985,6 |
| | | 007 | Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру | 865 888,1 |
| | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 24 381 973,5 |
| | | 012 | Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау | 37 364,1 |
| | | 069 | Қосымша білім беру объектілерін салу және реконструкциялау | 8 504 867,0 |
| | | 099 | Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру объектілерін салу және реконструкциялау | 2 567 833,4 |
| | | 205 | «Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасы шеңберінде бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу | 13 271 909,0 |
| 05 | | | Денсаулық сақтау | 35 678 798,7 |
| | 253 | | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы | 19 235 914,7 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 416 530,6 |
| | | 006 | Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер | 374 414,0 |
| | | 007 | Салауатты өмір салтын насихаттау | 90 050,0 |
| | | 008 | Қазақстан Республикасында ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру | 340 313,0 |
| | | 016 | Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету | 71 649,0 |
| | | 018 | Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер | 53 835,0 |
| | | 023 | Медициналық және фармацевтикалық қызметкерлерді әлеуметтік қолдау | 85 000,0 |
| | | 027 | Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау | 2 607 831,0 |
| | | 029 | Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары | 81 192,0 |
| | | 033 | Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары | 10 455 299,9 |
| | | 039 | Денсаулық сақтау субъектілерінің қосымша медициналық көмектің көлемін көрсетуі, Call-орталықтардың қызметтер көрсетуі және өзге де шығыстар | 485 037,0 |
| | | 041 | Облыстардың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемімен қосымша қамтамасыз ету | 1 188 064,2 |
| | | 042 | Медициналық ұйымның сот шешімі негізінде жүзеге асырылатын жыныстық құмарлықты төмендетуге арналған іс-шараларды жүргізу | 680,0 |
| | | 050 | Қаржы лизингі шарттарында сатып алынған санитариялық көлік және сервистік қызметті көрсетуді талап ететін медициналық бұйымдар бойынша лизинг төлемдерін өтеу | 2 986 019,0 |
| | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 16 442 884,0 |
| | | 038 | Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау | 16 442 884,0 |
| 06 | | | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру | 37 584 508,4 |
| | 256 | | Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы | 36 800 006,4 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 277 198,0 |
| | | 002 | Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 817 640,1 |
| | | 003 | Мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік қолдау | 3 492 693,2 |
| | | 013 | Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектігі бар адамдар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 2 669 652,1 |
| | | 014 | Оңалту орталықтарында қарттарға, мүгедектігі бар адамдарға, оның ішінде мүгедектігі бар балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 942 437,1 |
| | | 015 | Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық патологиялары бар мүгедектігі бар балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 1 127 757,8 |
| | | 018 | Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру | 157 037,0 |
| | | 046 | Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту | 9 648,1 |
| | | 053 | Кохлеарлық импланттарға дәлдеп сөйлеу процессорларын ауыстыру және келтіру бойынша қызмет көрсету | 212 296,0 |
| | | 064 | Еңбек мобильділігі орталықтары мен мансап орталықтарының жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі азаматтарды әлеуметтік қолдау бойынша қызметін қамтамасыз ету | 1 293 801,0 |
| | | 066 | Сенім білдірілген агентке жастардың кәсіпкерлік бастамасына жәрдемдесу үшін бюджеттік кредиттер беру жөніндегі қызметтеріне ақы төлеу | 121 034,0 |
| | | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 256 790,7 |
| | | 068 | Жұмыспен қамту бағдарламасы | 19 454 021,3 |
| | | 069 | Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялау | 10 616,0 |
| | | 113 | Төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер | 5 957 384,0 |
| | 261 | | Облыстың білім басқармасы | 732 246,0 |
| | | 015 | Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру | 393 344,0 |
| | | 037 | Әлеуметтік сауықтандыру | 152 687,0 |
| | | 084 | Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқитындар мен тәрбиеленушілерді қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүру түрінде әлеуметтік қолдау | 110 898,0 |
| | | 092 | Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу | 75 317,0 |
| | 752 | | Облыстың қоғамдық даму басқармасы | 52 256,0 |
| | | 050 | Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқытарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту | 52 256,0 |
| 07 | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 47 033 100,2 |
| | 279 | | Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы | 47 033 100,2 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 344 023,0 |
| | | 032 | Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және жергілікті жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау | 4 607 428,0 |
| | | 038 | Коммуналдық шаруашылығын дамыту | 5 219 809,5 |
| | | 051 | Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту | 3 000 000,0 |
| | | 054 | Жеке тұрғын үй қорынан алынған тұрғынжай үшін азаматтардың жекелеген санаттарына төлемдер | 70 089,0 |
| | | 113 | Төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер | 1 162 370,1 |
| | | 114 | Төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері | 32 629 380,6 |
| 08 | | | Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік | 36 527 898,1 |
| | 752 | | Облыстың қоғамдық даму басқармасы | 2 059 103,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде қоғамдық даму саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 397 154,0 |
| | | 006 | Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру | 464 520,0 |
| | | 009 | Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер | 1 041 614,0 |
| | | 010 | Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту | 155 815,0 |
| | 273 | | Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы | 7 928 673,2 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде мәдениет және архив ісін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 183 134,2 |
| | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 2 867,0 |
| | | 005 | Мәдени-демалыс жұмысын қолдау | 2 128 181,1 |
| | | 007 | Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету | 1 114 968,6 |
| | | 008 | Театр және музыка өнерін қолдау | 3 047 162,4 |
| | | 009 | Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 540 190,0 |
| | | 010 | Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету | 646 293,9 |
| | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 100 154,0 |
| | | 113 | Төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер | 165 722,0 |
| | 768 | | Облыстың дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы | 4 321 929,8 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде дене шынықтыру, спорт және туризм саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 161 633,5 |
| | | 002 | Облыстық деңгейде спорт жарыстарын өткізу | 194 560,0 |
| | | 003 | Әр түрлі спорт түрлері бойынша облыстың құрама командаларының мүшелерін дайындау және республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысуы | 3 646 556,8 |
| | | 010 | Туристік қызметті реттеу | 6 037,5 |
| | | 073 | Кәсіпкерлік субъектілерінің жол бойындағы сервис объектілерін салу бойынша шығындарының бір бөлігін өтеу | 209 797,0 |
| | | 074 | Кәсіпкерлік субъектілерінің санитариялық-гигиеналық тораптарды күтіп-ұстауға арналған шығындарының бір бөлігін субсидиялау | 15 745,0 |
| | | 113 | Төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер | 87 600,0 |
| | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 22 218 192,1 |
| | | 024 | Спорт объектілерін дамыту | 20 867 416,1 |
| | | 027 | Мәдениет объектілерін дамыту | 1 350 776,0 |
| 09 | | | Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану | 3 750 993,0 |
| | 279 | | Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы | 3 750 993,0 |
| | | 007 | Жылу-энергетикалық жүйені дамыту | 1 837 668,0 |
| | | 071 | Газ тасымалдау жүйесін дамыту | 1 913 325,0 |
| 10 | | | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары | 27 115 412,1 |
| | 254 | | Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы | 6 967 204,1 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 218 472,0 |
| | | 003 | Коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 397 951,0 |
| | | 005 | Ормандарды сақтау, қорғау, молайту және орман өсіру | 5 110 188,0 |
| | | 006 | Жануарлар дүниесін қорғау | 89 045,0 |
| | | 008 | Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар | 4 096,0 |
| | | 022 | Қоршаған ортаны қорғау объектілерін дамыту | 2 000,0 |
| | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 1 045 154,0 |
| | | 034 | Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы), сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіру өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау | 10 143,0 |
| | | 114 | Төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері | 90 155,1 |
| | 719 | | Облыстың ветеринария басқармасы | 4 845 757,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 171 757,0 |
| | | 009 | Ауру жануарларды санитариялық союды ұйымдастыру | 16 305,0 |
| | | 011 | Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу | 28 702,0 |
| | | 012 | Жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу | 134 905,0 |
| | | 013 | Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу | 80 203,0 |
| | | 014 | Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу | 3 784 892,0 |
| | | 028 | Уақытша сақтау пунктына ветеринариялық препараттарды тасымалдау бойынша қызметтер | 4 406,0 |
| | | 030 | Жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасына арналған ветеринариялық препараттарды, олардың профилактикасы мен диагностикасы жөніндегі қызметтерді орталықтандырып сатып алу, оларды сақтауды және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына тасымалдауды (жеткізуді) ұйымдастыру | 315 274,0 |
| | | 031 | Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін ветеринариялық мақсаттағы бұйымдар мен атрибуттарды, жануарға арналған ветеринариялық паспортты орталықтандырып сатып алу және оларды аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына тасымалдау (жеткізу) | 43 188,0 |
| | | 035 | Иелері халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын үй жануарларын сәйкестендіру | 1 677,0 |
| | | 040 | Мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарды материалдық-техникалық жабдықтау үшін, қызметкелердің жеке қорғану заттарын, аспаптарды, құралдарды, техниканы, жабдықтарды және инвентарды орталықтандырып сатып алу | 264 448,0 |
| | 741 | | Облыстың ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы | 15 302 451,0 |
| | | 001 | Жергілікте деңгейде ауыл шаруашылығы және жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 560 931,0 |
| | | 002 | Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау | 184 517,0 |
| | | 005 | Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге, карантинді объектілерге қарсы өңдеулер жүргізуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) құнын субсидиялау | 700 756,0 |
| | | 008 | Басым дақылдардың өндірісін дамытуды субсидиялау | 264 590,0 |
| | | 014 | Ауыл шаруашылығы таурларын өндірушілерге су жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау | 1 992 179,0 |
| | | 018 | Пестицидтерді (улы химикаттарды) залалсыздандыру | 4 166,4 |
| | | 029 | Ауыл шаруашылық дақылдарының зиянды организмдеріне қарсы күрес жөніндегі іс- шаралар | 487 467,0 |
| | | 046 | Тракторларды, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен тетіктерін мемлекеттік есепке алуға және тіркеу | 3 966,6 |
| | | 047 | Тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын субсидиялау | 2 605 525,0 |
| | | 050 | Инвестициялар салынған жағдайда агроөнеркәсіптік кешен субъектісі көтерген шығыстардың бөліктерін өтеу | 1 784 045,0 |
| | | 053 | Мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау | 3 015 565,0 |
| | | 056 | Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуды кредиттеу, сондай-ақ лизинг беру кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау | 3 609 095,0 |
| | | 064 | Жер қатынастарын реттеу | 89 648,0 |
| 11 | | | Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі | 15 766 245,9 |
| | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 15 766 245,9 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 290 841,7 |
| | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 1 217,0 |
| | | 113 | Төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер | 5 504 569,0 |
| | | 114 | Төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері | 9 969 618,2 |
| 12 | | | Көлік және коммуникация | 38 518 199,9 |
| | 268 | | Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы | 38 518 199,9 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде көлік және коммуникация саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 154 082,7 |
| | | 002 | Көлік инфрақұрылымын дамыту | 5 954 984,9 |
| | | 003 | Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 548 423,0 |
| | | 005 | Әлеуметтік маңызы бар ауданаралық (қалааралық) қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын субсидиялау | 202 733,8 |
| | | 025 | Облыстық автомобиль жолдарын және елді мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу | 2 803 772,0 |
| | | 113 | Төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер | 14 519 268,1 |
| | | 114 | Төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері | 14 334 935,4 |
| 13 | | | Басқалар | 6 311 898,9 |
| | 120 | | Облыс әкімінің аппараты | 1 669 041,8 |
| | | 008 | «Ақпараттық технологиялар орталығы» мемлекеттік мекемесінің қызметін қамтамасыз ету | 1 669 041,8 |
| | 253 | | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы | 616 395,0 |
| | | 058 | «Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру | 574 608,0 |
| | | 096 | Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау | 41 787,0 |
| | 261 | | Облыстың білім басқармасы | 384 961,0 |
| | | 079 | «Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру | 384 961,0 |
| | 265 | | Облыстың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы | 2 284 028,0 |
| | | 011 | Кәсіпкерлік қызметті қолдау | 8 710,0 |
| | | 014 | Кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттері бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау | 1 885 807,0 |
| | | 015 | Кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттерін ішінара кепілдендіру | 319 511,0 |
| | | 082 | Бизнес-идеяларды іске асыру үшін кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік гранттар беру | 70 000,0 |
| | 299 | | Облыстың экономика және қаржы басқармасы | 862 050,0 |
| | | 012 | Облыстық жергілікті атқарушы органының резерві | 862 050,0 |
| | 724 | | Облыстың мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы | 176 767,6 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 169 873,6 |
| | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 6 894,0 |
| | 768 | | Облыстың дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы | 318 655,5 |
| | | 096 | Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау | 318 655,5 |
| 14 | | | Борышқа қызмет көрсету | 1 852 604,5 |
| | 299 | | Облыстың экономика және қаржы басқармасы | 1 852 604,5 |
| | | 004 | Жергілікті атқарушы органдардың борышына қызмет көрсету | 1 825 522,0 |
| | | 016 | Жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету | 27 082,5 |
| 15 | | | Трансферттер | 45 941 469,2 |
| | 299 | | Облыстың экономика және қаржы басқармасы | 45 941 469,2 |
| | | 007 | Субвенциялар | 44 853 845,0 |
| | | 011 | Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару | 853 374,0 |
| | | 017 | Нысаналы мақсатқа сай пайдаланылмаған нысаналы трансферттерді қайтару | 597,2 |
| | | 024 | Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер | 203 167,0 |
| | | 053 | Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару | 30 486,0 |
| | | | 3. Таза бюджеттік кредиттеу | 25 849 029,5 |
| | | | Бюджеттік кредиттер | 43 695 697,0 |
| | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 25 487 243,0 |
| | | 009 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне тұрғын үй жобалауға және салуға кредит беру | 471 014,0 |
| | | 064 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне тұрғын үй сатып алуға кредит беру | 25 016 229,0 |
| 10 | | | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары | 18 208 454,0 |
| | 741 | | Облыстың ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы | 16 500 000,0 |
| | | 087 | Ауыл халқының кірістерін арттыру жөніндегі жобаны ауқымды түрде қолдану үшін ауыл халқына микрокредиттер беруге кредиттер беру | 5 500 000,0 |
| | | 092 | Агроөнеркәсіптік кешендегі инвестициялық жобаларға кредит беру | 11 000 000,0 |
| | 299 | | Облыстың экономика және қаржы басқармасы | 1 708 454,0 |
| | | 009 | Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттер | 1 708 454,0 |
| 5 | | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 17 846 667,5 |
| | 01 | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 17 846 667,5 |
| | | 1 | Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу | 17 832 270,0 |
| | | 2 | Бюджеттік кредиттердің сомаларын қайтару | 14 397,5 |
| | | | 4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо | 890 000,0 |
| | | | Қаржы активтерін сатып алу | 890 000,0 |
| 13 | | | Басқалар | 890 000,0 |
| | 265 | | Облыстың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы | 440 000,0 |
| | | 065 | Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту | 440 000,0 |
| 6 | | | Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер | 0,0 |
| | | | 5. Бюджет тапшылығы (профициті) | -31 581 577,5 |
| | | | 6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) | 31 581 577,5 |
| 7 | | | Қарыздар түсімі | 43 695 697,0 |
| | 01 | | Мемлекеттік ішкі қарыздар | 43 695 697,0 |
| | | 1 | Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар | 25 487 243,0 |
| | | 2 | Қарыз алу келісім-шарттары | 18 208 454,0 |
| 16 | | | Қарыздарды өтеу | 14 759 871,5 |
| | 299 | | Облыстың экономика және қаржы басқармасы | 14 759 871,5 |
| | | 008 | Жергілікті атқарушы органның борышын өтеу | 8 351 500,0 |
| | | 015 | Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу | 6 393 974,0 |
| | | 018 | Республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді қайтару | 14 397,5 |
| 8 | | | Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары | 2 645 752,0 |
| | 01 | | Бюджет қаражаты қалдықтары | 2 645 752,0 |
| | | 1 | Бюджет қаражатының бос қалдықтары | 2 645 752,0 |

ӨНЕГЕ ӨРІСІ



# ҰРПАҒЫҢ БАР, ІЗІҢДІ ЖАЛҒАЙТҰҒЫН

«Атасы жақсы, қандай-ды, асқар бір зәулім таудай-ды» деп шайырлар жырлағандай, перзенті үшін әкенің орны әркез бөлек. Жүріп өткен жолы ұрпағына өмірлік өнеге екен. Жүрегі кең, жүзі мейірімге толы, адал еңбегімен ел ішінде еңсесі биік, елеулі азамат болған ардақты әкеміз Рақым Жүнісұлы Көшкінбаевтың өмірден озғанына бір жыл толып отыр. Егер ортамызда болғанда 75 жасын тойлар едік, амал қанша? Соны ойласақ, жанымызды мұң торлап, жүрегімізді терең сағыныш қозғайды.

Әкеміз Рақым Жүнісұлы 1950 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. С.Сейфуллин атындағы №4 мектептен орта білім алып шыққан. Біздің білуімізше, жастайынан білімге құштар әрі еңбекқор болған. Алдына үлкен мақсат қойып, өмірлік ұстанымын айқындай білген. Сол мақсатына сай мектеп бітірген жылы Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтына түсіп, инженер-гидротехник мамандығын алған. Бұл оның саналы ғұмырында еліне, туған жеріне еткен қалтқысыз қызметінің бастамасы десек болады.

Оқу бітіргеннен кейін құрылыс бөлшектер мен ағаш құрылымдарын шығаратын зауыттың бас инженері, ағаш шеберханасы цехының бас шебері болып еңбек жолын бастаған әкеміз көп ұзамай зауыттың цех бастығы болып жұмыс атқарған. «Қызылорда ремводстрой» ПМК-44 мекемесінде жиырма жылға жуық қызмет етіп, мастер, прораб, бөлімше бастығы, бас инженер қызметтерінен сатылап жоғарылап, 1994-1996 жылдары осы мекемеге басшылық жасаған. Ал 1998-2005 жылдар аралығында «Яксарт», «Яксарт Құрылыс» ЖШС директоры, Қазақстанның құрылысшылар одағы Қызылорда филиалының вице-президенті, «Промстройпроект» ААҚ-ның Ақтау қаласындағы бірлестігінде директордың орынбасары қызметтерін абыроймен атқарды.

Екі мыңыншы жылдардың басында «Асар Холдинг ЛТД», «РМЗ-Шапағат», «Казнефтегазмонтаж», «XXI ғасыр», «Ахат ГС» ЖШС сияқты құрылыс мекемелерінде қызмет атқарып, өңірдегі көптеген сәулетті нысанның салынуына өзіндік үлесін қосты.

Иә, қарап отырсақ, қырық жылдан аса еңбек жолында қарапайым шеберден бастап, жауапты қызметтер атқара жүріп, басшылық лауазымға дейін көтерілген. Ең бастысы, артында жақсы із қалдырып, адал еңбегімен абыройға бөленді. Басқарушылық пен іскерлік қабілетінен бөлек, қарапайымдылығымен халықтың құрметіне бөленді. Қай ортада жүрсе де, тәртіп пен талаптың, әділдік пен адамгершіліктің үлгісі болды.

Майталман маман ретінде облыс көлемінде жүргізілген қаншама құрылыс жұмыстарына атсалысып, сәулетті ғимараттардың салынуына үлесін қосты. Бүгінде қаланың әр бұрышында оның қолтаңбасы қалған нысандар ел игілігіне қызмет етуде.

Әкеміз заман талабына бейімделіп, тоқсаныншы жылдардың соңынан бастап жеке кәсіпкерлікпен айналысты. Сол кездегі нарықтың талабымен өмірге енген бұл саланы меңгеріп кету екінің бірінің қолынан келмейтін. Әйтсе де әкеміз қиындықтарға мойымай, ел экономикасы қаржы тапшылығына тірелген күрделі кезеңде отбасын қамтамасыз ете отырып, балаларын да еңбек етуге баулыды. Сонымен қатар, осы салада бірнеше буын жас маман тәрбиелеп, бағыт-бағдар берді. Кәсібін табысты жүзеге асыра білген әкеміз Рақым Жүнісұлы ел экономикасының дамуына да елеулі үлесін қосқанын айтып өткеніміз жөн болар.

«Адам ұрпағымен мың жасайды» дегендей, көзінің тірісінде үш баласын қатарынан қалдырмай, тәрбиелеп өсіріп, олардан немере сүйіп, анамыз екеуі отбасы бақытына кенелді. Бүгінде бәріміз өмірден өз жолымызды тауып, әкеміз салған ізбен әр салада қызмет етіп жүрміз.

Әкеміз қандай бір істі қолға алғанда, өте талапшыл, өзіне де, өзгеге де қатал болатын. Жұмыс барысында терең жауапкершілікті, тиянақтылықты талап ететін. Бірақ күнделікті тіршілікте жүрегі жұмсақ, көңілі кең, жақынына жанашыр, әсіресе, немерелеріне ерекше мейірбан болатын.

Зейнетке шыққан кезінде үйдің де, ауланың да сәнін келтіріп, бақша егуді қолға алды. Жайқалып өскен ағаштардың көлеңкесі жанға сая. Бүгінде атасы еккен бақшадан немерелері жеміс теріп жүр. Өмірдің сабақтастығы деген осы емес пе?! Біле білсек, әкеміздің бұл ісі – жай ғана еңбек емес, өмірді шын сүюдің, тіршіліктің әрбір сәтін бағалай білудің белгісі екен.

– Өкінбе әке, отың бар сөнбейтұғын,
Ол мәңгілік жанады көрмей тыным.
Ұрпағың бар, ел менен ер намысын,
Тірі тұрса қолынан бермейтұғын,

– деп Мұқағали ақын жырлағандай, артында қалған ұрпақтары әкеміздің атын абыроймен арқалап, өмірлік өнегесін үлгі тұтып, қалдырған ізін лайықты жалғап, туған жерге қызмет етуге бар күш-жігерімізді аянбай жұмсауға дайынбыз.

**Ербол КӨШКІНБАЕВ**

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: **70-00-52** телефоны арқылы байланысуға болады. **E-mail: smjarnama@mail.ru**

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ

# ТОҚТЫҢ «ТІЛІН» ТҮСІНЕТІН МАМАН

Қазіргі заманда электр энергиясы – өркениеттің жүрегі. Біз күнделікті қолданатын жарық, тұрмыстық техника, өндірістік құрал-жабдықтар, байланыс жүйелері – барлығы электр қуатына тәуелді. Электрсіз өмір сүруді елестету мүмкін емес.



Алосы қуатты бізге жеткізетін, қауіпсіз әрі үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ететін – электриктер. Олар көрінбейтін, бірақ ең маңызды жұмысты атқарады. Кез келген ғимараттың, зауыттың, тіпті көшелердің жарықтандырылуы – олардың кәсібилігінің нәтижесі.

Осындай жауапкершілігі мол мамандық иесі Ерсұлтан Жұмабек әкесінің жолын жалғап келеді. Ол мектеп бітірген соң Алматы индустриалды колледжіне электрик мамандығына оқуға түскен. Бүгінде «Қазгермұнай» БК ЖШС мекемесінде өз саласы бойынша жұмыс істеп жүр.

– Әкем осы мекемеде біршама уақыт қызмет етті. Ол кісі дүниеден озғаннан кейін басшылық мені жұмысқа қабылдады. Жалпы, электрик – сым жалғаушы емес, қауіпсіздік ережелерін жетік білетін, үлкен жауапкершілік арқалайтын адам. Бір кішкентай қателік бүкіл жүйені істен шығарып, тіпті адам өміріне қауіп төндіруі мүмкін. Бүгінде технология дамыған сайын түрлі техникалардың да «тілін» табу оңай емес. Ол үшін үнемі ізденіс қажет. Бала кезден әкемнің жанында жүріп, көп нәрсені үйрендім. Мені еңбекке баулыған, адал нан табуға үйреткен де өзі еді, – дейді Ерсұлтан.

Иә, расында электрик – табысты әрі жауапты мамандық. Олардың әр қадамы қауіпке толы. Өйткені қолмен жұмыс істейтіндіктен, дәлдікті қажет етеді. Қырағылық – ең керек дағды, қателесуге әсте болмайды. Міне, осындай жауапты салада еңбек етіп жүрген Ерсұлтан Талғатұлы мамандығын әрдайым мақтан етеді.

**Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»**

## Қызылорда облысы әкімдігімен 2025 жылдың 1-тоқсанында табысталған жер учаскелері туралы ақпарат

| № | Жер учаскесі табысталған тұлғаның атауы | Негізі | Нысаналы мақсаты | Алаңы, гектар | Орналасқан жері | Құқық түрі | Жалға алу мерзімі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | «ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігі Су шаруашылығы комитеті» РМК | ҚР Жер кодексінің 16-бабының 1-тармағы 2) тармақшасы, Магистралдық құбыр туралы ҚР Заңының 7- бабының 2-тармағының 2)-тармақшасына сәйкес, облыстық жер комиссиясының 2024 жылғы 22 қарашадағы №64 хаттамалық шешімі және «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 31 желтоқсандағы №KZ18VBG01525428, №KZ45VBG01525427, №KZ72VBG01525426 бұйрықтарымен бекітілген жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобалары | магистралды су құбырын жүргізу және пайдалану үшін, , | 30,1407 | Қазалы ауданының аумағы, Шиелі ауданының аумағы, Жаңақорған ауданының аумағы | тұрақты жер пайдалану құқығы | |
| 2 | «РУ-6» ЖШС | ҚР Жер кодексінің 16-бабының 1-тармағы 2) тармақшасы, 32 бабына сәйкес, облыстық жер комиссиясының 2024 жылғы 6 желтоқсандағы №66 хаттамалық шешімі және «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 30 қаңтардағы №KZ67VBG01537447, №KZ08VBG01537442, №KZ83VBG01537450, №KZ61VBG01537458, №KZ24VBG01537445 бұйрықтарымен бекітілген жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобалары | уран өндіру үшін №1 учаскесі, уран өндіру үшін №2 учаскесі, уран өндіру үшін №3 учаскесі, уран өндіру үшін №4 учаскесі, уран өндіру үшін №5 учаскесі, | 28,15 | Шиелі ауданы, «Солтүстік Қарамұрын» кеніші | уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы | 2040 жылдың 31 желтоқсанына дейін |
| 3 | «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС | ҚР Жер кодексінің 16-бабының 1-тармағы 2) -тармақшасына сәйкес, облыстық жер комиссиясының 2024 жылғы 7 қарашадағы №62 хаттамалық шешімі және «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 27 желтоқсандағы №KZ21VBG01523337, №KZ91VBG01523338, №KZ10VBG01523341, №KZ62VBG01523860 бұйрықтарымен бекітілген жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобалары | №23 кран торабы мен оған кірме жолының құрылысы және пайдалану үшін, №23 кран торабы маңындағы тік ұшақ алаңы мен оған кірме жолының құрылысы және пайдалану үшін, №23 кран торабы маңындағы жайтартқыш құрылысы және пайдалану үшін, №23 кран торабы маңындағы үрлемелі білте құрылысы және пайдалану үшін, трасса бойындағы өтпе жол құрылысы және пайдалану үшін, №29 кран торабы мен оған кірме жолының құрылысы және пайдалану үшін, №29 кран торабы маңындағы тік ұшақ алаңы мен оған кірме жолының құрылысы және пайдалану үшін, №29 кран торабы маңындағы анодтық алаңның құрылысы және пайдалану үшін, №29 кран торабы маңындағы радиодіңгек құрылысы және пайдалану үшін, №29 кран торабы маңындағы жайтартқыш құрылысы және пайдалану үшін, №29 кран торабы маңындағы үрлемелі білте құрылысы және пайдалану үшін, трасса бойындағы өтпе жол құрылысы және пайдалану үшін, №34 кран торабы мен оған кірме жолының құрылысы және пайдалану үшін, №34 кран торабы маңындағы тік ұшақ алаңы мен оған кірме жолының құрылысы және пайдалану үшін, №34 кран торабы маңындағы анодтық алаңның құрылысы және пайдалану үшін, №34 кран торабы маңындағы радиодіңгек құрылысы және пайдалану үшін, №34 кран торабы маңындағы жайтартқыш құрылысы және пайдалану үшін, №34 кран торабы маңындағы үрлемелі білте құрылысы және пайдалану үшін, трасса бойындағы өтпе жол құрылысы және пайдалану үшін, №35 кран торабы мен оған кірме жолының құрылысы және пайдалану үшін, №35 кран торабы маңындағы жайтартқыш құрылысы және пайдалану үшін, №35 кран торабы маңындағы үрлемелі білте құрылысы және пайдалану үшін, | 51,3574 | Қазалы ауданының аумағы, Қармақшы ауданының аумағы, Сырдария ауданының аумағы, Шиелі ауданының аумағы | уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы | 2045 жылдың 1 қаңтарына дейін |
| 4 | ҚР Қорғаныс министрлігінің «Қызылорда аудандық пайдалану бөлімі» РММ | ҚР Жер кодексінің 16-бабының 1-тармағы 10-4) тармақшасы, 120-бабының 1-тармағына сәйкес, облыстық жер комиссиясының 2024 жылғы 7 қарашадағы №63 хаттамалық шешімі және «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 12 ақпандағы №KZ83VBG01543173, №KZ56VBG01543174 бұйрықтарымен бекітілген жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобалары | байланыс желісін орналастыру үшін, автожол құрылысын салу үшін | 14,2479 | Қызылорда қаласының аумағы, | тұрақты жер пайдалану құқығы | |
| 5 | «ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Қызылорда облысы бойынша департаменті» РММ | ҚР Жер кодексінің 16-бабының 1-тармағы 10-4) тармақшасы, 120-бабының 1-тармағына сәйкес, облыстық жер комиссиясының 2024 жылғы 14 тамыздағы №57 хаттамалық шешімі және «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 12 ақпандағы №KZ45VBG01543178 бұйрығымен бекітілген жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобалары | оқу жаттығу полигоны және ату алаңы үшін | 1000,0 | Сырдария ауданының аумағы | тұрақты жер пайдалану құқығы | |
| 6 | «Қуатамлонмұнай» бірлескен кәсіпорын ЖШС-і | ҚР Жер кодексінің 37-бабының 2-тармағы | «Қоныс» кенішін кеңейту үшін, «Бектас» кенішін кеңейту үшін, «Қоныс» кенішін жайластыру үшін | 9256,58 | Сырдария ауданы | уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы | 2049 жылдың 4 қарашасына дейін |
| 7 | «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ | ҚР Жер кодексінің 37-бабының 2-тармағы | кенішаралық мұнай құбырына қызмет көрсетуге арналған далалық жол үшін | 0,54 | Сырдария ауданы | уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы | 2028 жылдың 24 маусымына дейін |

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
«Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
**Марат АРАЛБАЕВ**
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

**Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".** | **e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz** | **Таралымы 23717** **Тапсырыс №926** | Кезекші редактор **Дүйсенбек АЯШҰЛЫ**